

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Қазақстан Республикасының
Ұлттық ғылым академиясының
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
Abay Kazakh National
Pedagogical University

SERIES
OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

2 (330)

MARCH – APRIL 2020

PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

Балықбаев Т.О.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

экон. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Баймұратов У.Б.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есім Г.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қирабаев С.С.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қошанов А.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нәрібаев К.Н.** (бас редактордың орынбасары); филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сәбікенов С.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сүлейменов М.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сатыбалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Әбжанов Х.М.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбусейтова М.Х.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Байтанаев Б.А.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жақып Б.А.**; фил. ғ. докторы, проф., академик НАН РК **Қалижанов У.К.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Қамзабекұлы Д.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Қожамжарова Д.П.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Қойгелдиев М.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Құрманбайұлы Ш.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таймағанбетов Ж.К.**; социол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Шәукенова З.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Дербісәлі А.**; саяси. ғ. докторы, проф., **Бижанов А.К.**, тарих ғ. докторы, проф., **Кабульдинов З.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қажыбек Е.З.**

Р е д а к ц и я к е н е с і:

Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Белостечник Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Велиханлы Н.** (Азербайжан); Тәжікстан ҰҒА академигі **Назаров Т.Н.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рошка А.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Руснак Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Муратов Ш.** (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Сафарова З.** (Әзірбайжан); э. ғ. д., проф. **Василенко В.Н.** (Украина); заң ғ. докт., проф. **Устименко В.А.** (Украина)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы».

ISSN 2224-5294

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 30.04.2010 ж. берілген № **10894-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 500 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28; 219, 220 бөл.; тел.: 272-13-19, 272-13-18
<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2020

Типографияның мекенжайы: «NurNaz GRACE», Алматы қ., Рысқұлов көш., 103.

Главный редактор

Почетный член НАН РК

Т.О. Балыкбаев

Редакционная коллегия:

докт. экон. н., проф., академик НАН РК **У.Б. Баймуратов**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **Г.Е. Есим**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **С.С. Кирабаев**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **А.К. Кошанов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **К.Н. Нармбаев** (заместитель главного редактора); докт. филос. н., проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **С.Н. Саби-кенов**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **М.К. Сулейменов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Х.М. Абжанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абуseitова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Б.А. Бай-танаев**; докт. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Жакып**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **У.К. Калижанов**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **Д. Камзабекулы**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Д.П. Кожамжарова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **М.К. Кой-гельдиев**; докт. филол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ш. Курманбайулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.К. Таймаганбетов**; докт. социол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **З.К. Шаукенова**; д. филол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **А. Дербисали**; доктор политических наук, проф., **Бижанов А.К.**; доктор ист. наук, проф., **Кабульдинов З.Е.**; доктор филол. н., проф., член-корр. НАН РК **Қажыбек Е.З.**

Редакционный совет

академик НАН Республики Молдова **Г. Белостечник** (Молдова); академик НАН Азербайджанской Республики **Н. Велиханлы** (Азербайджан); академик НАН Республики Таджикистан **Т.Н. Назаров** (Таджикистан); академик НАН Республики Молдова **А. Рошка** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **Г. Руснак** (Молдова); чл.-корр. НАН Азербайджанской Республики **Ш. Мурадов** (Азербайджан), член-корр. НАН Азербайджанской Республики **З.Сафарова** (Азербайджан); д. э. н., проф. **В.Н. Василенко** (Украина); д.ю.н., проф. **В.А. Устименко** (Украина)

Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук.

ISSN 2224-5294

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан № 10894-Ж, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год

Тираж: 500 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28; ком. 219, 220; тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2020 г.

Адрес типографии: «NurNaz GRACE», г. Алматы, ул. Рыскулова, 103.

Chief Editor

Honorary member of NAS RK

Balykbayev T.O

Editorial board:

Doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Baimuratov U.B.**; doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Esim G.E.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kirabayev S.S.**; doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Koshanov A.K.**; doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Naribayev K.N.** (deputy editor-in-chief); doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Nyssanbayev A.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Sabikenov S.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Suleymenov M.K.**; doctor of economy, prof, academician of NAS RK **Satybaldin S.S.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Abzhanov H.M.**; doctor of history, prof, corresponding member of NAS RK **Abuseitova M.H.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Baitanaev B.A.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Zhakyp B.A.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kalizhanov U.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Hamzabekuly D.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Kozhamzharova D.P.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Koigeldiev M.K.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Kurmanbaiuly Sh.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Taimaganbetov J.K.**; doctor of sociology, prof, corresponding member of NAS RK **Shaukenova Z.K.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Derbisali A.**; doctor of political science, prof **Bizhanov A.K.**; doctor of History, prof **Kabuldinov Z.E.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Kazhybek E.Z.**

Editorial staff:

Academician NAS Republic of Moldova **Belostechnik.G** (Moldova); Academician NAS Republic of Azerbaijan **Velikhanli N.** (Azerbaijan); Academician NAS Republic of Tajikistan **Nazarov T.N.** (Tajikistan); Academician NAS Republic of Moldova **Roshka A.** (Moldova) Academician NAS Republic of Moldova **Rusnak G.** (Moldova); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Muradov Sh.** (Azerbaijan); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Safarova Z.** (Azerbaijan); Associate professor of Economics **Vasilenko V.N.** (Ukraine), Associate professor of Law **Ustimenko V.A.** (Ukraine)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities.
ISSN 2224-5294

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N **10894-Ж**, issued 30.04.2010

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 500 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2020

Address of printing house: «NurNaz GRACE», 103, Ryskulov str, Almaty.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

<https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.43>

Volume 2, Number 330 (2020), 97 – 103

УДК 338.27

МРНТИ 06.81.25

Л.Ш. Куншигарова, Ж.Б. Елешева, К.Ж. Демеуова

М. Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және коммуникация Академиясы, Алматы, Қазақстан.

E-mail: lyazzat-82@mail.ru; zhanna_elsesheva@mail.ru; k.d.zh@mail.ru**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТТАРЫ**

Аннотация. Қазақстан экономикасының дамудың инновациялық моделіне өтуі ұлттық инновациялық жүйені қалыптастырумен және дамытумен байланысты бірқатар мәселелерді шешуді талап етеді. Ұлттық экономиканың бәсеке қабілеттілігі қоғамдағы инновациялық потенциалдың өсіміне тікелей байланысты. Бұл экономикалық өсудің индустриалды-инновациялық жетістіктерге, ФТП жетістіктерін енгізуге, компьютерлік және басқа да ресурстарды үнемдеу технологияларын енгізуге байланысты екенін көрсетеді. Инновациялық экономика – Қазақстан үшін, жергілікті жағдайға сәйкес, жаңа технологияны тікелей енгізу арқылы және ең жаңа инновациялық модернизациялауды қалыптастыру арқылы елдің бәсекелік деңгейімен халық тұрмысын көтерудің жолы. Қазіргі экономикада инновациялардың рөлі әлдеқайда артты. Инновацияларды қолданбай, ғылымды қажетсіздің жоғары дәрежесі мен жаңалығы бар бәсекеге қабілетті өнім жасау – іс жүзінде мүмкін емес. Осылайша, нарықтық экономикада инновациялар – бәсекелестік күрестің тиімді құралы, өйткені жаңа қажеттіліктерді құруға, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, инвестициялардың құйылуына, жаңа өнімдерді өндірушінің имиджін арттыруға, жаңа рыноктарды, оның ішінде сыртқы нарықтарды ашуға және басып алуға алып келеді. Елдің экономикалық өсуі инновациялармен тығыз байланысты. Олар экономиканың белсенді өсу негіздерін қалыптастыратын технологияларға көшуге мүмкіндік туғызады. Бұл жаңа қоғамдық өнімге (өндірістік немесе өндірістік емес салаға) қатысты тұтынушылардың мінез-құлқы парадигмасының ауысуымен сүйемелденеді. Мақалада ел экономикасының индустриалды-инновациялық саласына теоретикалық шолу жасалынды. Қазақстан экономикасының инновациялық даму жолына көшуін айғақтайтын мәселелер талданған. Басты тірек – «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, яғни «білім-ғылым-инновациялар» үштік байланысы. Сонымен қатар Қазақстандағы инновациялық дамудың мәселелері мен факторлары, жетістіктері ерекшеленіп отыр. Қазақстан экономикасы үшін индустриалды-инновациялық негіздегі диверсификация және шикізат қалдықтарына мамандану – дамудың приоритеті, басыңқы бағыты болғандықтан, мақаланың тақырыбы өзекті. Сондай-ақ зерттеліп отырған мақаланың мазмұнында негізгі параметрлер келтірілген. Елдің инновациялық дамуының стратегиялық бағыттарына басымдық берілген. Мақалада Қазақстан Республикасының инновациялық дамуының қалыптасу кезеңдері және зерттеу нәтижелерінің алғышарттары, сонымен қатар инновациялық инфрақұрылымын қалыптастырудағы мемлекеттің тарихи рөлі айқындалған. Ұлттық инновациялық жүйенің дамуының тиімділігін ары қарай арттырудың қажеттілігі негізделген.

Түйін сөздер: ұлттық инновациялық жүйе, технология, экономика, инновация, нарық, жаһандану.

Инновациялық жүйе ұғымын 1987 жылы ағылшын ғалымы К. Фримен енгізген. Оның ойынша, "ұлттық инновациялық жүйе экономиканың мемлекеттік және жеке меншік секторларындағы институционалдық құрылымдарының желісін білдіреді, олардың белсенділігі мен өзара ықпалдасуы жаңа технологиялардың бастамасын жасап, құрып, жетілдіріп, оның таралуына ықпал етеді. Осы институттарға ғылыми зерттеу институттарын ғана емес, сонымен бірге оның көмегімен кәсіпорындар деңгейінде де, сондай-ақ ұлттық деңгейдегі де қолда бар ресурстар ұйымдастырылатын, басқарылатын іс-қимылдар кіреді"/1/.

Тиімді ұлттық инновациялық жүйе – бәсекеге қабілетті "білім экономикасын" қалыптастыратын механизм /2/.

Инновация – бұл белгілі бір әлеуметтік жүйеде материалдық және материалдық емес мәдениеттердің жаңа элементтерін (үлгілердің) құрумен, танумен байланысты өзгерістер жүйесі немесе бұл зерттеулердің, әзірлемелердің нәтижесіне ие болмаса жаңа не жетілдірілген әрі өзін адамдардың практикасында пайдалану арқылы қоғамға танымал болуға тырысатын әлеуметтік-экономикалық шешім.

Инновацияларды жүзеге асыру процесі инновациялық қызмет деп аталады және ол:

- жаңа өнімді;
- жаңа технологиялық процестер мен өндірісті ұйымдастыруды;
- жаңа нарықты;
- әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешумен басқарудың жаңа процестері, оларға сәйкес келетін қаржы құралдары мен ұйымдастыру құрылымдарын құру мен енгізуді қамтиды /3/.

Инновациялық қызмет қатарында жоғары өтімді технологиялар, машиналар мен жабдық, халық тұтынатын тауарлар, ақпараттық қызметтер, басқарушылық шешімдер, білім беру бағдарламалары болуы мүмкін ғылыми-техникалық және инновациялық өнімді сату үшін қаражат тартады.

Инновациялық қызметтің мақсаты – уақыт пен қаражатты барынша аз жұмсап, «Ғылыми – зерттеу жұмысы – тәжірибелік конструкторлық әзірлеме – өндірісті ретке келтіру және игеру – инновациялық өнім шығару» тізбегін құрып, оны іске асыру.

Инновациялық орта инноваторлардың, инвесторлардың, бәсекеге қабілетті өнім (қызмет) мен дамыған инфрақұрылымның өзара ықпалдасу жүйесінен құралады /4/. Мемлекет инновациялық қызметтің дамуын көтермелейтін экономикалық, қаржы, ұйымдастыру және нормативтік-құқықтық ережелер қолданылады.

Экономикалық ережеге:

- инновациялар нарығында ұсыныстардың өсуіне ықпал ететін салық саясаты мен баға белгілеу саясатын жүргізу;
- инновациялық салада жұмыспен қамтудың тиімді болуын қамтамасыз ету;
- инновацияларды игеріп, тарататын отандық кәсіпорындарға қаржылық қолдаудың, салық және кедендік жеңілдіктердің әр алуан түрлерін беру;
- техниканың қайта жаңғыртылуына жәрдем көрсету;
- ғылымды көп қажетсінетін өнімнің лизингін дамыту;
- кәсіпкерлікті жандандыру;
- адал емес бәсекеге қабілеттілікке жол бермеу;
- инновациялық салада сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту;

Инновацияларды жүзеге асыру процесі инновациялық қызмет деп аталады /5/. Ол жаңа өнімді, жаңа технологиялық процестер мен өндірісті ұйымдастыруды, жаңа нарықты, әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу мен басқарудың жаңа процестері, оларға сәйкес келетін қаржы құралдары мен ұйымдастыру құрылымдарын құру мен енгізуді қамтиды.

Инновациялық қызмет қатарында жоғары технологиялар, машиналар мен жабдық, халық тұтынатын тауарлар, ақпараттық қызметтер, басқарушылық шешімдер, білім беру бағдарламалары болуы мүмкін ғылыми-техникалық және технологиялық әзірлемелерді орындау, өндірісті игеру және инновациялық өнімді сату үшін қаражат тартады /6/.

Инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары:

- мемлекеттік қатысуы бар венчурлік қорлар құру және венчурлік капиталды ғылыми-техникалық және инновациялық салаға тарту;
- инновациялық қызметтің субъектілеріне мемлекеттік қолдау нысандары мен әдістерін әзірлеу;
- мемлекеттік, салааралық, салалық және өңірлік сипаттағы инновациялық қызметтің арнайы мамандандырылған субъектілерін құруға арналған инновациялық инфрақұрылым қалыптастыру;
- инновациялық орта үшін кадрлар даярлау және оларды қайта даярлау;
- өнеркәсіптің базалық салаларында жаңа технологиялық ережелер қалыптастыру; өркениетті технологиялар нарығы үшін жағдай жасау арқылы, яғни авторлық құқықтарды, патенттерді және сауда белгілерін қорғау саласындағы барлық халықаралық конвенцияларды тану арқылы шетелдік технологиялардың трансферттерін көтермелеу;

- отандық кәсіпорындардың үздік әлемдік практикаға сәйкес сапа стандартына көшуін жандандыру;
- халықаралық донор ұйымдарының, мүдделі қаржы-кредит және шаруашылық құрылымдарының гранттарын тарту жатады /7/.

Жалпы бағдарлама үш кезеңде жүзеге асырылады:

Бірінші кезең (2003-2005 ж.) дайындық сипатындағы іс-шараларды іске асырумен байланысты. Бағдарламаны ойдағыдай іске асыру мақсатында мемлекеттің инвестициялық және инновациялық жобаларға қатысуын қамтамасыз ететін қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырылулар енгізу, жаңа заңдар әзірлеу, талдау жүргізетін мамандарды даярлау, мемлекеттің қатысуымен іске асырылатын тиімді жобалар белгіленді.

Екінші кезең (2005-2010 ж.) экономиканың барлық салаларындағы бағдарлама іс-шараларын ойдағыдай іске асырылатын кезең болуы тиіс. Мұның өзі халықаралық стандарттар бойынша ғылым мен техника жетістіктерінің арқасында қуатты экономика құруға, сондай-ақ жоғары білікті маман даярлауға мүмкіндік берді. Жеке меншік сектордың, шетелдік инвесторлардың, мемлекеттік бюджет пен мемлекеттің қаржы институттарының қаржы ресурстары бір бағытта жұмыс істеп, инфрақұрылым дамуының, жұмыс істейтін кәсіпорындарды қайта жаңарту, кеңейту және жаңа өндіріс құру проблемаларын кешенді түрде шешу қарастырылады.

Үшінші кезеңде (2011-2015 ж.) жаңа салалар мен нарықтарға енгізілген қуаттар игеріледі /8/.

Бағдарламаның іс-шараларын ойдағыдай іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру мен дамыту тұжырымдамасы туралы» (арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, технопарктер, бизнес – инкубаторлар) 2004 жылғы 26 желтоқсандағы №1294 қаулысы шықты /9/.

Технологиялар трансфертінің оңтайлы механизмін таңдау елдің индустриялық-инновациялық дамуындағы – басым бағыттардың бірі. Жақын келешекте осы таңдау ұлттық өнеркәсіптің ғылымды көп қажетсінетін бәсекеге қабілетті өнім шығару қабілетіне ықпал ететін болады. Игеруші және өңдеуші салаларда өнімнің қосылған құнының жоғары болуы Қазақстандағы ұлттық инновациялық жүйенің ерекшелігі болып саналады. Сондықтан еліміздің инновациялық дамуын іске асырудың табысы оны қамтамасыз ететін қаржы құрылымдарының дамуына немесе оған салынған инвестицияларға байланысты болады. Әлемдік тәжірибе венчурлік қор құру – инновациялық дамуды жылдамдатудың бір тәсілі екенін көрсетеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында «VISOR Investment Solutions» ЖШС-мен бірлесе отырып, «Адвант» және «ТұранӘлемБанкі» АҚ-мен бірлесіп, «Әрекет» Жоғары технологиялар қоры» құрылған, 2004 жылы венчурлік қорларға құйылған инвестициялардың жиынтық көлемі 1 587,6 млн. теңгені құрады.

Осыған қарамастан Қазақстан Республикасындағы инновациялық жобаларға капиталдың келуіне өндіруші салалармен салыстырғанда, даяр өнім шығаратын салалардағы табыстылықтың төмен деңгейі қол байлау болып отыр. Осыған байланысты мемлекеттің құрылымдық-инвестициялық саясатын жақсарту қажет. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік ортасы мен салық саясаты инновациялық қызметінің дамуын көтермелеуге тиіс /10/.

Қазіргі уақытта инновациялық қызметтің тиімділігі – бәсекеге қабілеттілік пен ұлттық ілгерілеудің шешуші факторларының бірі. Сонымен қатар инновациялар тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді қоса алғанда, жаһандық проблемаларды шешу үшін маңызды. «Индустрия 4.0» қарсаңында инновациялар арқылы өнімділікті арттыру көптеген елдердің басты мақсатына айналды. Инновациялық «серпіліс» адам өмірінің барлық салаларын қозғады. ХХІ ғасырдың инновациялық технологиялары мен практикалары экономиканың нақты секторларының өнімділігі мен экспорттық әлеуетін жақсартуға мүмкіндік береді. Алайда Қазақстан экономиканың басым салаларын инновациялық дамытуда айтарлықтай артта қалып отыр. Мұндай артта қалу жаһандық бәсекеге қабілеттілікке әсер етеді /11/. Мәселен, Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметтеріне сәйкес, «инновациялық мүмкіндік» өлшемшарты бойынша, Қазақстан 87-орынды алады, ал Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының индексіне сәйкес, 74-орынды иеленеді (1-кестені қараңыз).

1-кесте - Халықаралық бағалауларға сәйкес 2018 жылғы елдердің инновациялық қызметінің рейтингі

Рейтинг/ел	Қазақстан	Қытай	Ресей	АҚШ	Нидерланды
2018 жылғы ДЭФ бағалауы бойынша «инновациялық мүмкіндік»	87-орын	24-орын	36-орын	2-орын	9-орын
ДЗМҰ бағалауы бойынша «2018 жылғы жаһандық инновациялық индекс»	74-орын	17-орын	46-орын	6-орын	2-орын

Дереккөз: Дүниежүзілік экономикалық форумның және Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының деректері бойынша құрастырылды.

Жалпы алғанда, геосаяси өзгерістер аясында коммерциялық нарықтардағы күресті қоса алғанда, мемлекеттер арасында инновациялық және технологиялық бәсекелестіктің күшейгені байқалады. Соның салдарынан техноэкономикалық ілгерілеулер мен экономиканың жоғары технологиялық секторларының өскені байқалады /12/.

Соңғы жылдардағы инновациялық қызметті ынталандыру және қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат экономиканың нақты секторының бәсекеге қабілетті салаларын қалпына келтіруге және қолдауға, қолайлы инвестициялық ахуал құруға бағытталған /13/. Өзекті деректерге сәйкес, еліміз бизнес жүргізу жеңілдігі рейтингінде 28-орынға көтерілген. Инновациялық даму тұжырымдамасын іске асыру арқылы жүзеге асатын ішкі мемлекеттік саясаттың басқа негізгі міндеті – «Инновациялық технологиялар паркі», «Жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалардың халықаралық орталығы», «Astana Hub IT-стартаптардың халықаралық технопаркі» ғылыми-инновациялық жүйе элементтерін құру және жаңғырту. Сонымен бірге экономикаға мемлекеттің араласуының жоғары деңгейі инновациялық қызметтің дамуына ықпал етпейді /14/.

Қорытындылай келе, Қазақстанның экономиканың нақты секторындағы инновациялық қызметі «эволюциялық дамудың» бастапқы сатысында тұр. Индустриялық-инновациялық экономиканы дамытудағы ілгерілеуге қарамастан, экономиканың нақты секторындағы инновациялық қызмет және салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасаудың ағымдағы қарқыны жаһандық бәсекелестіктің осы шарттарына жауап бермейді. Қазіргі либералды экономикалық даму модельдерімен Қазақстанның экономикалық моделін құраудың жоғары деңгейінде және тиісінше, салалар ішіндегі жоғары бәсекелестік жағдайында инновациялық қызметті дамыту толық көлемде мүмкін болады /15/. Нарықтық бәсекелестік кәсіпорынның инновациялық технологияларды әзірлеуге және енгізуге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Экономиканың нақты секторындағы инновациялық қызметтің тұрақсыз сипаты – дамуы нашар ғылыми-инновациялық жүйенің және жалпы инновациялық стратегияның болмауының нәтижесі. Қалыптасқан жағдай Қазақстан экономикасының нақты секторындағы басым салалардың өсуін баяулатудың алғышарттарын жасайды. Бұдан басқа, ұзақ мерзімді келешекте салалардың экспорттық әлеуетінің төмендеу тәуекелі бар /16/. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіруін қамтамасыз ету үшін инновацияларды дамыту болашақ жылдардың басым міндеттерінің біріне айналуы тиіс /17/. Осыған байланысты елдің инновациялық мүмкіндігін кеңейту мақсатында, ішкі мемлекеттік жоспарлау жүйесінде түбегейлі өзгерістер қажет /18/. Қазақстандағы инновациялық қызметті одан әрі үдемелі жеделдету мақсатында келесідей шаралар ұсынылады:

1. Экономиканың нақты секторында инновациялық белсенділікті кеңейту және күшейту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырудың халықаралық тәжірибесін талдау.

2. Бәсекелестік деңгейін арттыру үшін мемлекеттің экономикалық субъектілерін жекешелендірудің жоғары қарқынын қамтамасыз ету.

3. Инновациялық қызметті дамытудың іргелі базасын одан әрі қалыптастыру үшін экономиканың ауыспалы нысаны бар елдердегі ғылыми-инновациялық жүйені дамытудың қазіргі үлгілерін зерттеу /19/.

4. Инновациялық дамудың орта мерзімді Стратегиясын және оны 2025 жылға дейін іске асыру жөніндегі Жол картасын әзірлеу үшін теоретик және практик ғалымдардың қатарынан сараптамалық жұмыс тобын қалыптастыру.

5. Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны бейімдеу. Бұл ретте Қазақстанды цифрландыру жөніндегі қолданыстағы бағдарламамен бірігу қажет.

6. Экономиканың нақты секторының салаларын цифрландыру бойынша қолданыстағы пилоттық жобаларды іске асыру ауқымын кеңейту мүмкіндігін талдау.

7. ҒЗТҚЖ және инновациялар статистикасы бойынша, әдіснаманы жетілдіру қажет. Мысалы, келесі көрсеткіштерді енгізу арқылы:

а) бір ғалымға немесе зерттеушіге шаққандағы инновациялар саны (100 мың жұмыспен қамтылған халыққа шаққанда);

б) инновацияларды енгізудегі өнім шығарылымы.

8. Экономиканың нақты секторындағы салалардың кәсіпорындарында зияткерлік капиталды бағалау бойынша зерттеу тобын қалыптастыру.

9. Меншікті ұлттық инновациялық мүмкіндіктерді айқындау үшін келесідей ұғымдық терминдерді заңнамалық деңгейде енгізу:

а) базистік инновациялар – әлемдегі теңдесі жоқ өнімдер немесе процестер;

б) жетілдірілген инновациялар – диффузия немесе өндірісте пайдалану процесінде сапалы жетілдіруден өткен өнімдер мен процестер.

10. Венчурлік қаржыландыру институтын қалыптастыруды ынталандыру.

11. Кәсіпорындарға кешенді көмек көрсету үшін ғылыми консалтингтік ұйымдарды дамыту арқылы ғылым мен бизнесті ықпалдастыру. Мұның баламасы – зерттеушілерді немесе әзірлеушілерді кәсіпорындардың кеңесшілері немесе консультанттары ретінде тарту нысанында бизнес-визионерлік институтын дамыту.

12. Ғылыми-білім беру ортасына енгізе отырып, өнімнің, кәсіпорындардың, өңірдің, елдің инновациялық әлеуетін бағалау үшін бағдарламалық жасақтамалардың трансфертін қамтамасыз ету.

13. Инноватор-кәсіпорындар немесе инновациялық өнімдер үшін салықтық ынталандыруды енгізу мүмкіндігін талдау /20/.

Л.Ш. Куншигарова, К.Ж. Демеуова, Ж.Б. Елешева

Казахская академия транспорта и коммуникаций им. М. Тынышпаева, Алматы, Казахстан

НАПРАВЛЕНИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ЭКОНОМИКИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация. Перевод экономики Казахстана на инновационную модель развития требует решения проблем, связанных с формированием и развитием национальной инновационной системы. Конкурентоспособность национальной экономики напрямую зависит от прироста инновационного потенциала в обществе. Это означает, что экономический рост должен осуществляться главным образом за счёт индустриально-инновационных достижений, внедрения НТП, применения компьютерных, ресурсосберегающих технологий. Инновационная экономика для Казахстана – это путь экономического роста посредством внедрения новых технологий, основанный на заимствовании и адаптации к местным условиям и разработке новейших инновационных модернизаций, способных поднять конкурентоспособность страны и уровень жизни населения. В современной экономике роль инноваций значительно возросла. Без применения инноваций практически невозможно создать конкурентоспособную продукцию, имеющую высокую степень наукоемкости и новизны. Таким образом, в рыночной экономике инновации представляют собой эффективное средство конкурентной борьбы, так как ведут к созданию новых потребностей, к снижению себестоимости продукции, к притоку инвестиций, к повышению имиджа производителя новых продуктов, к открытию и захвату новых рынков, в том числе и внешних. Экономический рост страны тесно связан с инновациями. Они порождают переход на технологии, которые и формируют основы активного роста экономики. Это сопровождается сменой парадигмы поведения потребителей по отношению нового общественного продукта (производственной или непроизводственной сферы). В статье представлен теоретический обзор развития индустриально-инновационной сферы экономики страны. Анализируются проблемы, характерные для перехода экономики Казахстана на инновационный путь развития. Ключевым звеном статьи является ее опора на Стратегию «Казахстан – 2050», органическую взаимосвязь триады «образование-наука-инновации».

Отмечены некоторые успехи, проблемы и факторы, сдерживающие инновационное развитие Казахстана. Актуальность темы статьи не вызывает сомнения, поскольку для Казахстана отход от сырьевой специализации и диверсификация на индустриально-инновационной основе является приоритетом развития. Также в содержании изучаемой статьи приводятся основные параметры, характеризующие уровень инновационного развития стран с целью сопоставления. Акцентируются стратегические направления инновационного развития страны. В статье приведены результаты исследования предпосылок и этапов становления инновационного развития Республики Казахстан, отмечена историческая роль государства инновационной инфраструктуры. Обоснована необходимость дальнейшего повышения эффективности развития национальной инновационной системы.

Ключевые слова: национальная инновационная система, технология, экономика, инновация, рынок, глобализация.

L.Sh. Kunshigarova, Zh.B. Elesheva, K.Zh. Demeuova

Kazakh Academy of the Transport and Communication named
after M. Tynyshpayev, Almaty, Kazakhstan

DIRECTIONS OF FORMATION OF INNOVATIVE ECONOMY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The transition of Kazakhstan's economy to an innovative development model requires solving problems related to the formation and development of the national innovation system. The competitiveness of the national economy depends directly on the growth of innovative potential in society. This means that economic growth should be mainly due to industrial and innovative achievements, the introduction of NTP, and the use of computer and resource-saving technologies. Innovative economy for Kazakhstan is a way of economic growth through the introduction of new technologies, based on borrowing and adapting to local conditions and developing the latest innovative upgrades that can raise the country's competitiveness and the standard of living of the population. In the modern economy, the role of innovation has increased significantly. Without the use of innovations, it is almost impossible to create competitive products that have a high degree of knowledge intensity and novelty. Thus, in a market economy, innovations are an effective tool of competition, so as to create new needs, to reduce production costs, to attract investment, to improve the image of the manufacturer of new products, opening and capture of new markets, including external. The country's economic growth is closely linked to innovation. They generate a transition to technologies that form the basis for active economic growth. This is accompanied by a change in the paradigm of consumer behavior in relation to a new social product (production or non-production sphere). The article presents a theoretical overview of the development of the industrial and innovative sphere of the country's economy. The problems typical for the transition of the economy of Kazakhstan to an innovative path of development are analyzed. The key element of the article is its reliance on the strategy "Kazakhstan-2050" and the organic relationship of the triad "education-science-innovation". Some successes, problems and factors hindering the innovative development of Kazakhstan are noted. The relevance of the topic of the article is not in doubt, since for Kazakhstan, the departure from raw material specialization and diversification on an industrial and innovative basis is a priority for development. The content of the article also contains the main parameters that characterize the level of innovative development of countries for the purpose of comparison. Strategic directions of innovative development of the country are emphasized. The article presents the results of the study of the prerequisites and stages of formation of innovative development of the Republic of Kazakhstan, the historical role of the state of innovative infrastructure is noted. The necessity of further improving the efficiency of the development of the national innovation system is justified.

Key words: national innovation system, technology, economics, innovation, market, globalization.

Information about authors:

Kunshigarova L.Sh. - c.e.s., ass. professor, Kazakh Academy of the Transport and Communication named after M. Tynyshpayev, <http://orcid.org/0000-0002-7167-2475>;

Elesheva Zh.B. – lecturer, Kazakh Academy of the Transport and Communication named after M. Tynyshpayev, <https://orcid.org/0000-0002-3722-1486>;

Demeuova K.Zh. – lecturer, Kazakh Academy of the Transport and Communication named after M. Tynyshpayev, <https://orcid.org/0000-0002-7114-7574>

REFERENCES

- [1] Strategy "Kazakhstan – 2050". Astana: LEM, 2013.
- [2] Nazarbayev N.A. Third Revival of Kazakhstan: Global Competitiveness: Monetary Almaty. № 1315302, February 2, 2017.
- [3] Nazarbayev N.A. Address to the people of Kazakhstan "New opportunities for development in the context of the fourth industrial revolution" January 10, 2018.
- [4] Mikey Gregory N., Taylor Mark P., Economics, Almaty: 2018.
- [5] State E.B. regulation of the economy. Study guide. Almaty, 2014.
- [6] Sidorovich A.V., Abishev A.A. National economy, textbook: "Daury". Almaty.
- [7] Nurgaliev K.R., Nurgaliev A.K. Economics Kazakhstan: Учеб. Please. Almaty, 2005.
- [8] Stefan Dyrka, Barkhudar Sh. Gussenov. The main aspects of the development of foreign economic activity in the age of globalization. Bulletin NAN RK, No. 6, 2018.
- [9] http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs
- [10] Sabirova R.K., Baimukhasheva M.K., Utepkaliev K.M., Dingazieva M.D., Sanaliev L.K., Ghatlanova T.T. Intellectual potential as the basis of formation of innovative economy of the Republic of Kazakhstan, Bulletin of NAN RK No. 6, 2018.
- [11] Sinyavsky Yu. A., Tereshchenko S. A. Prospects for the development of innovative clusters, emerging science and technology, Bulletin NAN RK 2019. No4
- [12] Alibekova G., Ainakul N., Bapieva M. Absorption potential in innovation innovation of Kazakhstan, Bulletin NAN RK No. 3, 2019.
- [13] <https://articlekz.com/kk/article/15700>
- [14] Mutanov G.M., Sagieva R.K., Juparova A.S., Sakhariyeva A.S. Innovative Kazakhstan: a monograph. 150 pages, 2015.
- [15] subs. ed. KS Mukhtarov. Strategy and factor of innovative modernization of the regions of Kazakhstan in the post-Soviet space The President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayeva Narodu Kazakhstan "Nurly Zhol - The Way to the Future": monograph. 262 pages, 2015.
- [16] Mukhtarova KS Innovative mechanisms of modernization of the state management system and self-management in the Republic of Kazakhstan: monograph. 75 pages, 2017.
- [17] <https://articlekz.com/kk/article/15701>
- [18] Kondybaeva SK, Kalieva AE Shadow Economics: The Institutional Direction: The Study Guide. p. 184, 2017.
- [19] Mutanov G.M. Innovative Management: Office. 193 pages, 2014.
- [20] <https://7kun.kz/68103-2/>

**PUBLICATION ETHICS AND PUBLICATION MALPRACTICE
IN THE JOURNALS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

Редакторы: *М. С. Ахметова, Г. Б. Халидуллаева, Д. С. Аленов*
Верстка на компьютере *А.М. Кульгинбаевой*

Подписано в печать 19.03..2020
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
14 п.л. Тираж 500. Заказ 2.